

Банктік емес сектордың 2013 жылғы 1 маусымдағы ағымдағы жағдайы

2013 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 11 ұйым, оның ішінде 3 ипотекалық ұйым жұмыс істеп отыр.

№	Ұйымдардың атауы	01.01.2013	01.06.2013
1	Ипотекалық ұйымдар	3	3
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	8	8
	Жиынтығы	11	11

Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2013 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 98,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2013 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 11,7 млрд. теңгеге немесе 10,6%-ға көп.

Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы қомақты үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар 53,3%-ды (52,4 млрд. теңгені) құрап отыр, ал бағалы қағаздар үлесіне – 23,5% (23,1 млрд. теңге), басқа банктерге орналастырылған салымдарға – 12,4% (12,2 млрд. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2013		01.06.2013		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығын да %-бен	млрд. теңге	жиынтығын да %-бен	
Ақша	0,1	0,1	0,1	0,1	0,0%
Ағымдағы шоттар	0,4	0,4	5,9	6,0	14,8 есе
Бағалы қағаздар	23,6	21,4	23,1	23,5	-2,1%
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	26,5	24,1	12,2	12,4	-54,0%
Клиенттерге берілген қарыздар	55,4	50,3	52,4	53,3	-5,4%
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	3,0	2,7	3,3	3,4	10,0%
Клиенттерге ХҚЕС талаптары бойынша берілген қарыздар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-3,7	-3,4	-3,9	-4,0	5,4%
Басқа активтер	4,8	4,4	5,3	5,4	10,4%
Активтердің барлығы	110,1	100	98,4	100,0	-10,6%

Кредиттік портфель. 2013 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 52,4 млрд. теңге болды, бұл 2013 жылдың басындағы көрсеткіштен 3 млрд. теңгеге немесе 5,4%-ға төмен.

2013 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі ең көп үлеске «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ ие болды – 99,01%.

01.06.2013ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі мерзімі өткен берешектің үлес салмағы 0,91% (немесе 478 млн. теңге), оның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 0,87% (немесе 454 млн. теңге) болды.

Есепті күні қалыптасқан провизиялар сомасы 3,9 млрд. теңгені құрады (ипотекалық ұйымдардың несие портфелінде қалыптасқан провизиялардың үлес салмағы 7,4%-ды құрады).




Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2013 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда 6,9 млрд. теңгеге немесе 8%-ға азайып, 2013 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 79,5 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар басым (63,9%).


Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2013		01.06.2013		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Алынған қарыздар	30,5	35,3	17,3	21,8	-43,3%
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	50,5	58,5	50,8	63,9	0,6%
Басқа кредиторлар	0,2	0,2	0,2	0,3	0,0%
Басқа міндеттемелер	5,2	6,0	11,2	14,1	2,2 есе
Міндеттемелердің барлығы	86,4	100	79,5	100,0	-8,0%

Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы

01.01.2013



01.06.2013



Капитал

Ипотечалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2013 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 18,9 млрд. теңге болды, бұл 2013 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 4,8 млрд. теңгеге аз.

2013 жылдың басынан бастап есептік меншікті капитал 3,2 млрд. теңгеге азайып, 2013 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 21,2 млрд. теңге болды.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01.2013	01.06.2013
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млрд. теңгемен	35,2	35,2
Есептелген меншікті капитал, млрд. теңгемен	24,4	21,2
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	0,208	0,194
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_{1-2} \geq 0,06$)	0,241	0,231
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_{1-3} \geq 0,12$)	0,258	0,257

Кірістілік. Ипотечалық ұйымдар 01.01.2013ж. - 01.06.2013ж. кезеңінде 4,7 млрд. теңге мөлшерінде шығынға ұшырады. Кірістердің жиынтық мөлшері 2013 жылғы 5 ай ішінде 3,2 млрд. теңге (2012 жылғы 1 маусымда – 4,7 млрд. теңге) болды.

Ипотечалық ұйымдардың кірістілігі, млрд. теңгемен	01.06.2012	01.06.2013	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	3,3	2,9	-12,1%
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	3,8	3,4	-10,5%
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	1,4	0,3	-78,6%
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	1,3	4,5	3,5 есе
Таза кіріс (шығыс)	0,183	-4,7	-4,9%

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге қойылатын талаптар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (73,01% немесе 3,9 млрд. теңге), ал пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар (79,15% немесе 3,1 млрд. теңге) біршама көп үлес алады.

Ипотечалық ұйымдардың кірістері (шығыстары), млрд. теңгемен

